

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 қазандағы № 1138 Қаулысы

Ескерту. Заңның жобасы ҚР Парламентінің Мәжілісінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2012.11.26 N 1490 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 95-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жастар – он төрт жасқа толған және отыз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының жас азаматтары;

2) жас отбасы – ерлі-зайыптылардың екеуі де отыз жасқа толмаған отбасы не отыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі, оның ішінде ажырасқан, тұл қалған еркек (жесір әйел) балаларды (баланы) тәрбиелейтін толық емес отбасы;

3) жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган)

– өкілеттіктер шегінде мемлекеттік жастар саясатын үйлестіруді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым – жастар тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жастардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу, дене тәрбиесі, рухани және адамгершілік жағынан дамыту, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі;

5) жастарға арналған әлеуметтік қызметтер – жастарға медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен материалдық көмек көрсету, олардың әлеуметтік бейімделуіне және оңалуына жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар;

б) жастар ұйымы – негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып табылатын заңды тұлғалар қауымдастығы (одағы), қор, сондай-ақ қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым;

7) мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі.»;

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету;»;

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік жастар саясаты саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік жастар саясатын әзірлейді;

2) «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамын бекітеді;

3) «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын беру тәртібін және ақшалай сыйлықақы мөлшерін бекітеді;

4) мемлекеттік жастар саясаты саласында бағдарламаларды бекітеді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

5) мемлекеттік жастар саясатының дамуына талдау және болжау жүргізу тәртібін бекітеді;

6) студент жастарды оқу кезінде тұрғын үймен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2, 4-3-баптармен толықтырылсын:

«4-1-бап. Уәкілетті органның құзыреті
Уәкілетті орган:

1) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді және оны іске асыруды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қызметін үйлестіреді;

3) өз құзыреті шегінде жастар саясаты саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметті ақпараттық және ғылыми қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі консультативтік-кеңесші органның қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

6) мемлекеттік жастар саясатының дамуын талдауды және болжауды жүзеге асырады;

7) еріктілер, патриоттық ұйымдардың, әскери-спорттық, әскери-іздістіру және спорттық-техникалық клубтардың желісін дамытады;

8) студенттік кеңестердің, қызығушылығы бойынша клубтардың, жастар істері жөніндегі комитеттердің және жастардың үкіметтік емес ұйымдарының қызметін дамытады;

9) «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссияның қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

10) жергілікті атқарушы органдардың жанындағы жастар саясаты жөніндегі консультативтік-кеңесші органдардың қызметі туралы үлгі ережені бекітеді;

11) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-2-бап. Мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Еңбек және әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган өз өкілеттіктері шегінде:

1) жастар ұйымдарымен ынтымақтастықты;

2) әлеуметтік қолдауға мұқтаж жастарға әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз етуді;

3) жастарды еңбекпен және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шаралар қабылдауды;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Мәдениет саласындағы уәкілетті орган өз өкілеттіктері шегінде:

- 1) жастар ұйымдарымен ынтымақтастықты;
- 2) жастардың бойында ұлттық мәдениет пен тілді дамыту үшін жағдай жасауды;
- 3) жастардың мәдени бос уақыты мен демалысы үшін жағдай жасауды;
- 4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган өз өкілеттіктері шегінде:

- 1) жастар ұйымдарымен ынтымақтастықты;
- 2) денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарын ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу және тұру үшін т а р т у ғ а ж ә р д е м д е с у д і ;
- 3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-3-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі құзыреті

1. Жергілікті өкілді органдар өз құзыреті шегінде:

- 1) жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар басшыларының мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың жай-күйі туралы есептерін тыңдайды;
- 2) жергілікті атқарушы органдардың жанындағы жастар саясаты мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органдардың құрамдарын бекітеді;
- 3) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы шешім қ а б ы л д а й д ы ;
- 4) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен өздеріне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

- 1) өңірлерде мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;
- 2) аумақты дамыту бағдарламасында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөнінде шараларды әзірлейді және қабылдайды;
- 3) өңірлерде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі консультативтік-кеңесші органдар құрады;
- 4) жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгі ереженің негізінде жастар саясаты мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органдардың қызмет т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы ;
- 5) мәдени-бос уақыт өткізу және спорттық-сауықтыру инфрақұрылымын дамытуға ж ә р д е м д е с е д і ;
- 6) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұ с ы н ы с е н г і з е д і ;

7) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен өздеріне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

7) 6-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қоғамдық көлікте (таксиден және әуе көлігінен басқа) белгілеген жол жүру құнының елу пайызы мөлшеріне дейін жеңілдікпен жүруге;»;

8) 9 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жастар ұйымдастырған шаруа немесе фермер қожалықтары жатады.»;

3) тармақша алынып тасталсын;

4-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) аумақтарды дамыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;»;

9) 10-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жас отбасыларды мемлекеттік қолдау мақсатында орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салалық бағдарламаларды және аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады.

Жас отбасыларды мемлекеттік қолдау саласындағы салалық бағдарламаларды және аумақтарды дамыту бағдарламаларын қалыптастыру мен іске асыру жас отбасыларға қатысты мемлекеттік қолдау шаралары белгіленетін олардың әлеуметтік қажеттіліктерін талдау негізінде жүзеге асырылады.»;

10) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

«11-1-бап. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы

1. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы (бұдан әрі – сыйлық) жемісті ғылыми, шығармашылық, спорттық және қоғамдық қызметі үшін сыйлықты алуға кандидатура ұсынылған сәтте Қазақстан Республикасының жастарына беріледі. Сыйлық Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен талантты жастардың ерекше сіңірген еңбегін ынталандыру және тану мақсатында беріледі.

2. Сыйлық мына 10 номинация: ғылым, әдебиет, журналистика, спорт, халық шығармашылығы, дизайн және бейнелеу өнері, эстрада, театр және кино, классикалық музыка, қоғамдық қызмет бойынша екі жылда бір рет беріледі.

3. Сыйлықты алуға қызметі тиісті саланың және жалпы қоғамның дамуына ықпал ететін кандидаттар ұсынылады.

Бір адамның кандидатурасын сыйлықты алуға қайта ұсынуға рұқсат етілмейді. Бір адамның кандидатурасы біреуден артық номинация бойынша сыйлықты алуға ұсыныла алмайды.

4. Конкурстық құжаттарды қабылдауды, іріктеуді, сыйлыққа ұсыну туралы

шешімдерді талқылауды және қабылдауды «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссия жүзеге асырады.»;

11) 14-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жастар ұйымдары мемлекеттік бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламаларының іс-шаралар жоспарлары шеңберінде белгілі бір жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету мақсатында мемлекеттік органдармен ынтымақтасуға, ал олардың уәкілетті өкілдері мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдардың құрамына кіруге құқылы. Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін консультациялық-кеңесші органдар құрылады.

4. Қазақстан жастарының жалпы республикалық форумын өткізу тәртібі, өкілдік нормалары уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан жастарының жалпы республикалық форумы туралы ережеде белгіленеді.»;

12) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

«15-1-бап. Жастарға және жастар ұйымдарына арналған ресурстық орталық Жастарға және жастар ұйымдарына арналған ресурстық орталық жастар мен жастар ұйымдары үшін қызметтер көрсету және ресурстар (зал, техника, шағын кітапхана) ұсыну мақсатында жергілікті атқарушы орган құрған көпбейінді сервистік коммерциялық емес ұйым болып табылады.»;

13) 16-бапта 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік органдар мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша жоспарланған және жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар туралы жастарды, жастар ұйымдарын бұқаралық ақпарат құралдары және интернет-ресурстар арқылы хабардар е т у г е м і н д е т т і . » ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастырады. Аталған зерттеулер ұзақ мерзімді негізде жүзеге асырылады және мемлекеттік бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу кезінде ескерілетін міндетті шарт болып табылады.».

2. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат, № 5, 43-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 47-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден және әуе көлігінен басқа) белгілеген жол жүру құнының елу пайызы мөлшеріне дейін жеңілдікпен жол жүруге;».

2-бап. Осы Заң 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ